

**6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін беру үшін ұсынылған Мағауянов Даурен  
Абильтаевичтың «Қазақстан Республикасында халықтың көші-қонын  
құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы» тақырыбындағы  
диссертациясына  
ресми рецензенттің жазбаша сын-пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға а сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша сәйкес келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша сәйкес келеді. Зерттеудің жаңашыл ұсыныстары көші-қон үрдісінің тиімді басқарылуына және халықтың құқықтық қорғауына ықпал етеді. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға көп көңіл бөлінеді, оған көші-қонды басқару аспектілері де кіреді. Сонымен қатар, әлеуметтік-құқықтық саладағы зерттеулерді қолдау көші-қонды тиімді реттеудің құқықтық және нормативтік тәсілдерін жақсартуға мүмкіндік береді, бұл ғылым мен білім беруді жаңғыртудың стратегиялық жоспарларында көрініс табады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады, өйткені онда көші-қон үрдістері

			<p>құқықтық реттеудің теориялық және практикалық аспектілері жан-жақты қарастырылып, қазақстандық көші-қон саясатын жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар жасалған. Қазақстан Республикасындағы халықтың көші-қонын құқықтық реттеу саласындағы ғылыми білімнің өсуіне ықпал етеді.</p> <p>Зерттеу тақырыбының ғылым үшін маңыздылығын көрсететін шетелдік және отандық тәжірибе де кеңінен қарастырылды.</p> <p>Зерттеудің маңыздылығы ашылып, оның нәтижелері көші-қон мәселелерін құқықтық тұрғыдан шешуде қолданбалы мәнге ие.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары.	<p>Диссертациялық жұмыс дербес зерттеу болып табылады, ол өзіндік ерекшелік пен түпнұсқаулықтың жоғары пайызымен, сондай-ақ авторлық ізденістер мен нәтижелермен расталады.</p> <p>Өзі жазу деңгейі жоғары, өйткені зерттеуде көші-қонды құқықтық реттеуге қатысты терең теориялық талдаулар жасалып, заңнамалық ұғымдарға нақты анықтамалар берілген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген.	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі халықтың көші-қонын құқықтық реттеу саласындағы мәселелерді анықтаумен, осы саладағы қолда бар зерттеулерге шолу жасаумен және халықтың көші-қонын реттеудің құқықтық тетіктерін әзірлеу қажеттілігімен, Қазақстандағы көші-қон процестерінің құқықтық реттелуі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, демографиялық қауіпсіздігіне, сондай-ақ</p>

			<p>халықаралық міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етуімен негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды.</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын толық айқындайды, диссертацияның әр тарауында зерттеулердің дәйекті жүйесі мен байланысты тұжырымдар арқылы халықтың көші-қонын құқықтық реттеу тақырыбы ашылады.</p> <p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін ашып, Қазақстандағы көші-қонды құқықтық реттеу саласындағы өзекті мәселелерді жүйелі түрде талдайды. Зерттеуде көші-қон заңнамасының қалыптасуы, халықаралық тәжірибе, сондай-ақ Қазақстанда қолданылатын құқықтық механизмдер мен олардың тиімділігі жан-жақты қарастырылған, бұл диссертацияның тақырыбын толықтай айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді.</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді, өйткені олар Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерістерін құқықтық реттеудің теориялық және тәжірибелік аспектілерін зерттеуге, заңнаманы жетілдіруге, сондай-ақ шетелдік тәжірибені ескере отырып, көші-қонды басқару тиімділігін арттыруға бағытталған.</p> <p>Мақсатқа жету дәйекті міндеттерді диссертацияның мазмұнында орындау арқылы қамтамасыз етіледі.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық</p>	<p>Құрылым жағынан диссертация логикалық тұрғыдан дәйекті ғылыми жұмыс болып табылады,</p>

	<p>байланысқан: 1) толық байланысқан.</p>	<p>мұнда әрбір келесі тарау алдыңғы тараумен логикалық тұжырымдар мен ұсыныстармен байланысты. Диссертацияның барлық бөлімдері мен қарастырылған ережелері өзара логикалық түрде толық байланысқан, себебі әр бөлімде көші-қонды құқықтық реттеудің аспектілері жүйелі түрде қарастырылады: алғашқы тарауда теориялық негіздер мен көші-қонның құқықтық мәні талданса, келесі тарауда халықаралық тәжірибе мен Қазақстандағы қолданылатын заңнамалық шаралардың тиімділігі қарастырылып, соңғы тарауда көші-қонды реттеуді жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берілген.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар.</p>	<p>Диссертация жазу кезінде автор теориялық-доктриналық негізді де, заңнамалық тәжірибені де жан-жақты талдау әдісін қолданды, автор диссертацияда анықталған міндеттер мен мәселелерді шешудің авторлық көзқарасын ұсына отырып, оң және теріс жақтарын анықтау арқылы зерттелетін дереккөздерге сыни көзқараспен қарады.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен сыни талдау арқылы салыстырылып бағаланған. Зерттеуде қолданыстағы заңнаманың олқылықтары анықталып, қазіргі тәжірибенің тиімділігі мен шектеулері талданады, нәтижесінде ұсынылған әдістер мен қағидаттар олардың артықшылықтарын көрсетіп, көші-қонды құқықтық реттеуді жетілдіру тұрғысынан негізделген.</p>



5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа.	<p>Диссертациялық зерттеу халықтың көші-қонын құқықтық реттеу мәселелері бойынша тұңғыш кешенді зерттеу жұмысы болып табылады. Зерттеу жұмысында халықтың көші-қонын құқықтық реттеудің теориялық әдіснамалық және тәжірибелік мәселелеріне кешенді талдау жүргізіліп, жаңаша көзқарас тұжырымдалды. Тұңғыш рет жүйелі түрде халықтың көші-қонының әртүрлі тұстарын жан-жақты талдау негізінде құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, автормен қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізу мен оларды қолдану тәжірибесін жетілдіру қажеттілігі негізделді.</p> <p>Диссертациялық еңбекте заң әдебиетінде толық дәрежеде зерттелмеген біршама ережелер бойынша жаңа пайымдаулар ұсынылды. Зерттеудің жаңалығын сипаттайтын нақты ережелер ретінде көші-қонның тұрпаттамасы мен жіктеуі, көші-қон факторларының сипаттамасы мен жіктеуі, «халықтың көші-қоны», «халықаралық көші-қон», «ішкі көші-қон», «көшіп қонушы», «заңсыз көшіп келу», «заңсыз көшіп келудің субъектісі», «көшіп келу», құқықтық ұғымдарының авторлық анықтамалары алғаш рет берілді.</p> <p>Халықтың сыртқы және ішкі көші-қоны, еңбек көші-қоны, этникалық көші-қон, заңсыз көші-қон, халықтың көші-қоны саласындағы қылмыстылықтың алдын алу саласындағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін</p>
----	----------------------------	--	---

		<p>жетілдіру бойынша шаралар кешені ұсынылды.</p> <p>Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа, өйткені диссертацияда Қазақстандағы көші-қонды құқықтық реттеуге арналған авторлық әдістер мен қағидаттар алғаш рет ұсынылып, бұрынғы зерттеулерде жеткіліксіз қарастырылған заңнамалық аспектілерге нақты ұсыныстар берілген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде көші-қон саясатын жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдер мен құқықтық шешімдер негізделіп, оларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігі көрсетілген.</p>	
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа.</p>	<p>Диссертацияның тұжырымдары жүргізілген зерттеудің қорытынды нәтижелері болып табылады. Халықтың көші-қонын құқықтық реттеу саласындағы қолда бар зерттеулер мен ізденістерді зерделеуге және сыни талдауға негізделген.</p> <p>Жаңа тұжырымдамалық негіздер көші-қонды құқықтық тұрғыдан зерттеу барысында қолданылатын терминдердің айқындығын арттырып, ғылыми зерттеулер мен мемлекеттік бағдарламаларда олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша, автор ұсынған түпнұсқа анықтамалар мен жіктеу көші-қонды басқарудың заңнамалық базасы мен тәжірибелік әдістерін одан әрі жетілдіруге перспективалар ашады.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық,</p>		<p>Диссертацияның артықшылығы оның жоғары теориялық және</p>

		<p>экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа.</p>	<p>практикалық әлеуетке ие негізгі ұсыныстарында жатыр, олар көші-қон үдерісін құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған нақты шешімдерді қамтиды.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған ұсыныстар елдің көші-қон саясатын күшейтумен қатар, заңнамалық базаға енгізілуге мүмкіндігі бар нақты шешімдер ретінде қарастырылады.</p> <p>Диссертациядағы техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде жасалған тұжырымдар ғылыми дәлелденген және ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдер негізінде алынған дәлелдерге негізделген.</p> <p>Барлық негізгі қорытындылар сапалы зерттеулер ғылыми негізделген кең ауқымды дәлелдемелерге сүйенеді.</p> <p>Автордың қорытындыларының негізділігі Қазақстан мен басқа елдердің заңнамасын талдау барысында жиналған статистикалық деректермен, эмпирикалық зерттеулермен және халықаралық тәжірибемен нығайтылған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін</p>	<p>Диссертациялық зерттеу аясында автор қорғауға 6 (алты) ереже шығарды.</p> <p>1 Ереже: 1) ия, дәлелденді 2) Тривиалды емес 3) Жаңа болып табылады 4) Қолдану деңгейі кең 5) Кейбір зерттеулер докторанттың ғылыми мақалаларында жарияланған.</p>

	<p>тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>2 Ереже;</p> <p>1) Дәлелденген</p> <p>2) Тривиалды емес</p> <p>3) Жаңа болып табылады</p> <p>4) Қолдану деңгейі кең</p> <p>5) Кейбір зерттеулер докторанттың ғылыми мақалаларында жарияланған.</p> <p>3 Ереже:</p> <p>1) Дәлелденген</p> <p>2) Тривиалды емес</p> <p>3) Жаңа болып табылады</p> <p>4) Қолдану деңгейі кең</p> <p>5) Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған.</p> <p>4 Ереже:</p> <p>1) Дәлелденген</p> <p>2) Тривиалды емес</p> <p>3) Жаңа болып табылады</p> <p>4) Қолданудың кең деңгейі</p> <p>5) Кейбір зерттеулер докторанттың ғылыми мақалаларында жарияланған.</p> <p>5 Ереже:</p> <p>1) Дәлелденген</p> <p>2) Тривиалды емес</p> <p>3) Жаңа болып табылады</p> <p>4) Қолдану деңгейі кең</p> <p>5) Кейбір сәттер докторанттың басылымдарында кездеседі.</p> <p>6 Ереже:</p> <p>1) Дәлелденген</p> <p>2) Тривиалды емес</p> <p>3) Жаңа болып табылады</p> <p>4) Қолдану деңгейі кең</p> <p>5) Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған.</p>
8. Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе	Иә, негізделген және нақты жазылған. Диссертацияның артықшылығы - әртүрлілік, зерттеу



Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	әдіснама нақты жазылған: 1) ия.	үшін таңдалған әдістердің орындылығы. Барлық қолданылатын әдістер жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Қолданылған тәсілдер, олардың зерттеу үшін маңыздылығы толыққанды көрсетілген, автор қолданған әдістемеде пәнаралық әдіс қолданылады.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері, компьютерлік технологиялар, сондай-ақ деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың әдістемелері қолданылып алынған. Мұнда көші-қонды құқықтық реттеу саласындағы деректерді аналитикалық талдаудың сапасын едәуір арттыратын бар зерттеулерді жүйелі шолу және контент-талдау әдістері қолданылады.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия.	Диссертацияда автордың теориялық және практикалық тұжырымдары мен ұсыныстарының нақты расталуы зерттеудің ғылыми жаңалығын сипаттайтын бөлімде көрсетілген. Диссертациялық жұмыс халықтың көші-қонын құқықтық реттеуді кешенді зерттеу болып табылады, ал автордың тұжырымдары мен ұсыныстары егжей-тегжейлі талдауға негізделген және халықтың көші-қонын құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға қызмет етеді. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденіп, расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми	Диссертациялық зерттеу ғылыми әдебиеттердің жеткілікті көлемін зерттеуге негізделген.

		<p>әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>	<p>Пайдаланылған ғылыми мақалалар рецензияланған ғылыми журналдарда орналастырылған, Scopus, Web of Science және т.б. кіретін шетелдік және отандық журналдар да кеңінен қолданылған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы негізделіп, расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>	<p>Рецензияланған диссертация ғылыми әдебиеттерді мұқият жүйелі шолуға негізделген. Автор іздеу жүйелерінің кең спектрін қолдана отырып, халықтың көші-қонын құқықтық реттеу саласындағы ғылыми әдебиеттерді жүйелеу бойынша авторлық қорытындылар берді.</p> <p>Диссертацияда әдеби шолудың, тиісті әдебиеттерді таңдаудың сипаттамасы келтірілген. Қайнар көздердің жеткіліктілігі пайдаланылған қайнар көздердің саны мен сапасымен де расталады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеудің аясында жасалған әдеби шолу үшін жеткілікті көлемде және қажетті дереккөздерді қамтиды.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жоғары, өйткені ол халықтың көші-қонын құқықтық реттеу саласындағы ғылыми білімнің өсуіне ықпал етеді. Ғылыми жұмыс халықтың көші-қоны саласындағы реттеуші тәжірибені зерттеу үшін теориялық негіз бола алады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері ғылыми құндылығында көрініс табады және көші-қон саласын құқықтық реттеу туралы жаңа теориялық білімдер мен ұғымдарды қалыптастыруға</p>

			үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия.	Алынған нәтижелерді тәжірибеде қолданудың жоғары ықтималдығы туралы автор шығарған тәжірибелік ұсыныстар айтады, олар халықтың көші-қонын құқықтық реттеуге жақсы негіз бола алады. Сондай-ақ, заңнаманы өзгерту және толықтыру үшін маңызды ұсыныстар бар нормаларды сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді және қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, заңнамалық ережелерді қайта қарауға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) ішінара жаңа (75% жаңа).	Тәжірибеге арналған ұсыныстар олардың шетелдік тәжірибеде негізділігіне және басқа құзыреттіліктерде кейбір ұсыныстарды қолдану тәжірибесіне байланысты ішінара жаңа болып табылады. Диссертацияның авторы халықаралық тәжірибелерді, шетелдік заңнамалар мен Қазақстандағы ағымдағы құқықтық базаны салыстыра отырып, құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған жаңа ұсыныстар енгізген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары.	Академиялық жазудың сапасы жоғары, академиялық және ғылыми этика қағидаттарын сақтай отырып негізделген. Әдеби дереккөздерді пайдалану тиісті сілтемелермен жүзеге асырылады, диссертация сауатты және қисынды түрде, ғылыми стилінде құрылған.

**Ұсыныстар мен ескертулер:** Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді, бұл жұмыс жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол

ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын:

1. Көші-қонның гендерлік аспектісі бойынша диссертация жұмысы көші-қонның гендерлік ерекшеліктерін қысқаша талдауды қосудан пайда көруі мүмкін. Ерлер мен әйелдердің көші-қон мінез-құлқындағы айырмашылықтар әлеуметтік және экономикалық аспектілерге қалай әсер ететінін қарастырған пайдалы, бұл көші-қон процестері туралы көбірек түсінік береді.

2. Жұмыста көші-қон процестерін цифрландыру немесе көшіп-қонушылар үшін қашықтан жұмыс істеуді реттеу қажеттілігі сияқты заманауи сын-қатерлер туралы толығырақ айтуға болады. Бұл зерттеуді қазіргі әлемдік трендтермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныстар мен ескертулер жұмыстың басты идеялары мен қорытындыларына ықпал етпейді, алайда талдауға мазмұндық тереңдік пен әртүрлілік қосуға септігін тигізуі мүмкін. Бұл нақты ескертпелер зерттеудің кейбір қырларын толықтырып, тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді, осылайша жұмыстың негізгі бағыты мен қорытындыларын өзгертпей-ақ оның мазмұнын байыта түседі.

**Қорытынды:** Даурен Абильтаевич Мағауяновтың «Қазақстан Республикасында халықтың көші-қонын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына сәйкес келеді және авторға 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке өтінішхат ұсынылсын.


**Ресми рецензент:**

**ҚазҰЖҒА академигі, ХАА академигі,**

**заң ғылымдарының докторы,**

**Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университетінің**

**«Құқық» кафедрасының профессоры**



**Аюпова Зауре Каримовна**